

THE UNIVERSITY OF CHICAGO PRESS
50 EAST LEXINGTON AVENUE
NEW YORK, NY 10017
TEL: 212 850 6640
WWW.CHICAGO.PRESS.COM

THE UNIVERSITY OF CHICAGO PRESS



Айдос ӘБУТӘЛІПҰЛЫ

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ БАТЫР ҰЛЫ

Жан-жағына жақсылық нұрын шашып, көптің ілтипатына бөленетін азаматтарды өз ортамызда көп кездестіре бермейміз. Марқұм Жәлел Қизатов осындай ардақты жан еді. Ол мінезі сұлу адам болды. Кісілігі мен кішілігі, ақкөңілділігі мен елгезектігі, білімі мен ақындығы, жүрген жүрісі мен тұрған тұрысы өзіне әрдайым жарасып-ақ тұратын.

Жәлел Қизатов Ұлы Отан соғысында от пен оқтың ортасынан аман-есен оралып, бейбіт күнде елі үшін еңбек етіп өтті. Ұлтшыл атанып жазаланса да, туған жерге деген шынайы сезіміне берік бола білді. Осы арада оның өмірбаянына сәл тоқталып өтейін. 1920 жылы 9 қазанда «Аяқкөл» деген шағын қазақ қыстағында (қазіргі Есіл ауданының Қарағай ауылы) дүние есігін ашады. Әкесі Қизат өмірден ерте өтіп, атасы Бекмағамбеттің, кейін немере інісі Баһрамның қолында тәрбиеленеді. 1927 жылы Игібай ауылында бастауыш білім алған соң, қаладағы темір жол мектебінде екі жылдай оқуын жалғастырып, елге есепші болып оралады. 1936 жылы сол кездегі мықты білім ордаларының көшін бастаған Покровка ауыл шаруашылығы техникумына түсіп, оны да үздік тамамдайды. Ұлы Отан соғысы басталған шақта әскер қатарына алынған жас жігіт Новороссийск қаласындағы 422 артиллерия полкінің жауынгері ретінде майданға аттанады. Соғыстың алғашқы сәтінен жерлесіміз түрлі шешуші шайқастарға қатысқан. Мәселен, Орел-Курскте неміс фа-

шистері жаралы аңдай ыза-кекке булықса да жеңіліске ұшырайды. Украинаны азат ету шайқасы, әсіресе, Днепр өзенінен өту кезеңі батарея командирі, лейтенант Жәлел Қизатовқа үлкен жауапкершілік жүктеді. Оған артиллерияның оқ атуына жөн сілтеп тұру жөнінде бұйрық беріледі. Қасында төрт жауынгері бар Жәлел түн қараңғылығын пайдаланып, сол жердің тұрғынынан сұратып алған қайықпен Днепр өзенінен өтеді. Өзенді екіге бөлетін түбекке жетіп, сол жерде жауынгерлерімен бірге түні бойы окоп қазып, бекініп алады. Таң жарығымен айнала көріне бастағанда Жәлел бинокльмен барлық жау бекіністерін картаға түсіріп, біздің әскерлер шабуылға шыққанда артиллерияға жау нүктелерінің координаттарын дәл беріп, атыс нүктелерін жойып, майдангерлердің жолын тазалауға мүмкіндік туғызады. Днепрден алдымен өздері өтіп, жау танкісін қиратып, жеңіске жетеді. Жерлесіміз бастаған Кеңес жауынгерлері жан аямай шайқасып, Днепрдің екінші жағалауын да басып алады. Осы ерлігі үшін 1944 жылдың 15 қаңтарында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Жәлел Қизатовқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі де ол бір айға демалысқа туған ауылына жіберіледі.

Елін, жерін сағынған батырды облыс, аудан басшылары құшақ жая қарсы алып, бірнеше кездесулер ұйымдастырады. Жәлелге туған ауылында да дастарқан жайылып, көршілес жатқан Бұлақ, Қарағай, Ақтас ауылдарында да құрмет көрсетілді. Атақты жыршы Молдахмет Тырбиев бастаған өнер адамдары Кеңес Одағының Батырымен бірге соғыс зардабынан жабығып, жабырқаған ауыл тұрғындарының да көңілдерін көтеріп, қуанышқа бөлейді. Ойын-сауықтардың бірінде Жәлел Бірлік ауылының тумасы Шәмшібану есімді сұлуды жолықтырып, көп кешіктірмей үйлену тойын өткізіп, бір айдан соң майданға қайта аттанады.

Жауапты шайқастарға қатыса жүріп, Жәкең Ленинградтағы Кеңес Армиясының офицерлерін даярлайтын жоғарғы мектепке оқуға түседі. Төрт айдай білім алған соң, майдан штабынан Алматыдағы дала-әскери округіне келеді. Мұнда ол Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовпен кездесіп, елге барып қызмет ету жөніндегі ұсынысын қабыл алады. Ертеңіне Жәкең әскери міндетінен босатылып, Ауыл шаруашылығы министрі Ахмет Дауылбаевтың бұйрығымен жаңа қызметіне кіріседі. 1945 жылдың желтоқсан айында Қызылжар қаласына келеді. Сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының басшысы (облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы) Григорий Мельник, облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмабек Тәшенев батырды жылы қарсы алып, Совет ауданының партия комитетіне кадр



**Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов інісі Қалелмен бірге.
(Сурет 1980 жылдары түсірілген.)**

жөніндегі хатшы қызметіне тағайындайды. Сөйтіп, майданда талай шайқастарды көріп, өлім мен өмірдің ортасында болған қаһарман жерлесіміз өз туған елінде қызықты да бақытты күндерге толы сәттерді бастан кешіреді. Осы тұстарды есіне жиі алатын Жәкең тағдырына шүкіршілік етіп, абзал азаматтардың ақ батасының арқасында көп жетістікке жеткенін өмірінің соңына дейін үнемі айтып жүретін. Әсіресе, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жұмабек Тәшенев, Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Ілияс Омаров сынды ел азаматтарымен кездесіп, сұхбаттасуларының өзін үлкен бақытқа теңесе, Мао Цзэдун, Хо Ши Мин, Тольятти, Морис Торез және басқа да әлемдік басшылармен жүздесуін аузынан тастамайтын.

Жәлел Қизатов соғыстан кейінгі жылдары Совет, Ленин аудандарында партия комитеттерінің хатшысы және атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1954 жылы Кеңес Одағының Жоғарғы Советіне депутат болып сайланады да, 1957 жылы – Ленин, он жылдан соң «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды. Алайда, батырдың өмір жолы

үнемі жетістіктер мен өрлеуден тұрған жоқ. Ешкімнен қаймықпайтын, ойлағанын тура бетке айтатын тік мінезі жоғары жақтағы басшыларға ұнамағандықтан, оның қызметі төмендетіліп, кеңшар директоры болып та еңбек етті.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарында коммунистік партияны басқарған Хрущев тың игеру саясатымен бірге елімізге үлкен қасірет ала келгені белгілі. Ол жүзеге асырмақ болған негізгі жоспарлардың бәрі дерлік орны толмас қателіктер мен ауыртпалықтарға әкеліп соқты. Соның ішінде, әсіресе, еліміздің тұтастығын бұзып, ата-бабамыздан қалған жерімізді талан-таражға салды. Қазақ елінің тыныштығын кетіруге талпынған жаңа басшы ақыры Қазақстан аумағын ядролық сынақ алаңына айналдырып тынды. Міне, осындай жауыздықтардың зардабын болдырмауға қарсы тұрған алғашқы қарлығаштарымыздың бірі Жұмабек Тәшенев болса, екіншісі Жәлел Қизатов ағамыз еді. Ұлтжанды азаматтар сол кезеңдегі биліктің талай заңсыздықтарға барғанына шыдай алмайды. Халыққа көрсеткен қысымдарын ашықтан-ашық әшкереледі. Сол үшін де олар әділетсіз жазаланды.

1968 жылы Жәлел Қизатов Мұзафар Дайыров, Еркін Әуелбеков сияқты республикалық деңгейдегі басшылардың қолдауымен Қызылорда облысына өңірлік астық өнімдері және құрамажем өнеркәсібі ұйымының бастығы қызметіне тағайындалды. Бұл кезде елімізде ауыл шаруашылығының барлық салалары өркендеп, әсіресе, астық өнімдерін сақтау, сату және өңдеу жұмыстары мықтап қолға алынған болатын. Сыр елі азаматтарының ілтипатына ие болған Жәкең осындай жауапты жұмысты абыроймен атқаруға тырысып, облыс экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. «Жалағаш», «Шиелі» элеваторларының салынуына түрткі болды. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяғына қарай Жәкең облыстық биоресурстар және қоршаған ортаны қорғау қоғамының төрағасы қызметіне ауысты. Ол бұл қызметте де өзінің турашылдығымен көзге түсіп, Арал теңізінің мәселесін одақ көлемінде көтере білді. Сондай-ақ, осы тұста тәуелсіз мемлекет құру турасындағы алғашқы жиындардың бәріне қатысып, мемлекеттік рәміздерді бекітуге, бірінші Конституцияны қабылдауға атсалысты.

Жәкеңнің жеке қасиеттеріне тоқталар болсақ, ол жаны жайсаң, өте қарапайым, көпшіл адам болатын. Сүйікті жары Шәмшібану екеуі тату-тәтті өмір сүріп, жеті баладан он төрт немере сүйді. 1999 жылдың сәуір айында дүниеден өткенінде, Қызылорда облысының әкімі Бердібек Сапарбаев бастаған арнайы топ республикалық ардагерлер кеңесінің төра-

ғасы Мақтай Сағдиев, бүкіл Қызылорда жұртшылығы батырды соңғы сапарға шығарып салды. Жәлел Қизатов екі рет Ленин және үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медаль, Алғыс хатпен марапатталған.

Білікті басшы, батыр майдангердің ақындық қасиетке ие болғаны да көпшілікке мәлім. Оқ пен оттың арасында жүрген тұсында еліне деген сағынышын екі-үш ауыз өлең жолдарымен жеткізіп отыратын. «Сағындым» деген өлеңінде:

«Сағындым Сарыарқаның кең даласын,
Ағайын, туыстардың кәрі-жасын.

Сағындым туған жердің топырағын,

Сұлу ерке Көкшенің тау мен тасын», – десе, «Антым менің» деген жырында:

«Ант еттім, құрбан еттім жас жанымды,

Сертім бар коммунистік асқақ үнді.

Қалғанша бір тамшы қан тұла бойда,

Қорғаймын, асқарымды, аспанымды», – деп ағынан жарылған екен. Оның қан майданда табысып, дос болған Кеңес Одағының Батыры, қырғын шайқастардың бірінде қаза тапқан Ақмола облысының азаматы Ақан Құрмановқа арнаған поэмасы да бар. Қарасөздің де қиюын келістіре жазған әңгіме, естеліктері де жетерлік. Соның ішінде Одесса, Қырым, Сталинград, Орел, Украина, Польша жерлерінде өткен қанды шайқастарды суреттеген әңгімелерін оқығанда, тура майданның ортасында жүргендей әсерде қаласың. Ал енді қазақтың әнші-ақындары Ақан сері мен Үкілі Ыбырай жайлы жазған шағын әңгімелерінің бірінде Құлагердің шабысын әсем суреттейді. Үкілі Ыбырайды 1927 жылы бірінші рет көргенін де әдемі әрі әсерлі баяндайды.

Бүгінде Қызылжардағы және Есіл ауданының орталығы – Явленка ауылындағы көшелерге, өзі білім алған ауыл шаруашылығы техникумына батырдың есімі берілген. Туған ауылы – Қарағайда бюсті орнатылып, облысымызда мұражай бұрыштары жасалған. Қызылорда қаласында орналасқан мектеп пен көше де Кеңес Одағының Батырына арналған. Демек, елін шын сүйе білген өз ұлтының асыл перзенті, патриоты, ерліктің эталоны Жәлел Қизатовтың есімі ешқашан өшпейді, тарихымыздың төрінде алтын әріптермен жазылып қалары анық.